

Пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарды, сондай-ақ бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды, жұмысқа орналастыру үшін 2022 жылға жұмыс орындарына квота белгілеу туралы

Мерзімі біткен

Шығыс Қазақстан облысы Глубокое аудандық әкімдігінің 2022 жылғы 14 қаңтардағы № 08 қаулысы. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты тоқтатылды

Қазақстан Республикасының Қылмыстық-атқару Кодексінің 18-бабының 1-тармағының 2) тармақшасына, Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31-бабының 1-тармағының 14-1) тармақшасына, Қазақстан Республикасының "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңының 9-бабының 7), 8) тармақшаларына, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2016 жылғы 26 мамырдағы № 412 "Ата-анасынан кәмелеттік жасқа толғанға дейін айырылған немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, білім беру ұйымдарының түлектері болып табылатын жастар қатарындағы азаматтарды, бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды, пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарын квоталау қағидаларын бекіту туралы" бұйрығына сәйкес, Глубокое ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес, пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарды, сондай-ақ бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды, жұмысқа орналастыру үшін 2022 жылға жұмыс орындарына квота белгіленсін.

2. "Глубокое ауданы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі заңнамамен белгіленген тәртіпте:

1) осы қаулыны Глубокое ауданы әкімдігінің интернет-ресурсына орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Глубокое ауданы әкімдігінің 2021 жылғы 23 сәуірдегі № 185 "Пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарды, сондай-ақ бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарына квота белгілеу туралы" қаулысының, (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8700 болып тіркелген) күші жойылды деп танылсын.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Е.В. Старенковаға жүктелсін.

Глубокое ауданы әкімінің міндетін атқарушы

Н. Жапбаров

Глубокое ауданы әкімдігінің
2022 жылғы 14 қаңтардағы
№ 08 қаулысына қосымша

Пробация қызметінде тұрған адамдарды, сондай-ақ бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарының квотасы белгіленетін ұйымдардың тізбесі

№	Кәсіпорынның атауы	Жұмыскерлердің тізімдік саны	Жұмыскерлердің тізімділік санынан пайыздық мәндегі квотаның мөлшері	Жұмыс орындар саны
1	"IZOTERM" ЖШС	211	2	4

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК